

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән: ID 82902 Жер қойнауын пайдалану құқығы

6B04205 «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Алматы 2025 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған - аға оқытушы А.А. Есекеева
6B04205 «Құқықтану» білім беру бағдарламасы негізінде жасалынды

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып
ұсынылды.

№ 21 Хаттама «24» маусым 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор Г.А. Куаналиева

Білім беру және оқыту сапасы бойынша академиялық комитетпен
мақұлданды.

№ 11 хаттама «25» маусым 2025 ж.

Төрайымы А.А. Урисбаева

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды.

№ 10 хаттама «26» маусым 2025 ж.

Ғалым хатшы Г.М. Атаханова

Кіріспе

6B04205 – «Құқықтану» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан - қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент университет бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Биылғы оқу жылының ерекшелігіне байланысты универ жүйесінде тест тапсыру арқылы қабылданады. Тест сұрақтары нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 200 сұрақтан 1,2,3 дұрыс жауаппен құрылған.

Жер қойнауын пайдалану құқығы – 5 кредит.

Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар:

1 - тақырып. Жер қойнауын пайдалану құқығы: түсінігі, пәні, әдістері, қайнар көздері және даму тарихын түсіндіру. Заңдылықты қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдалану саласындағы қызмет және мемлекеттік реттеудің жаңа әдістемелерін қолдану туралы теория мен заңнаманың мазмұнын түсінуді көрсету.

2 – тақырып. Жер қойнауын пайдалану құқықтық қатынастары: түсінгі, белгілері, қатысушылары, мазмұны және пайда болу, өзгеру, тоқтатылу негіздерін анықтау. Жер қойнауын пайдалану құқығының барлық институттарын құқықтық бекітудің ерекшелігін дәлелдеу.

3 – тақырып. Жер қойнауына меншік құқығының түсінігін ашып беру. Жер құқығы пәнімен салыстыра отырып талдау жасау. Экономиканың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторында осы нормаларды қолдану ерекшелігі арқылы қазақстандық және халықаралық құқық жүйесіндегі жер қойнауын пайдалану құқығының орны мен рөлін анықтау.

4 – тақырып. Жер қойнауын пайдалануға беру туралы шешімдердің жүзеге асырылуы және орындалу барысын түсіндіру, зерттеу. Қазақстан экономикасының түрлі секторлары жұмысының тиімділігін жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін ұсыну үшін олардың тиімділігін сыни бағалау негізінде жер қойнауын пайдалану құқығы нормаларын қолдану тәртібін талдау әдістерін саралау.

5 – тақырып. Жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыратын органдардың мәртебесін көрсету. Жер қойнауын пайдалану құқығының қандай да бір нормаларын қолдану шарттарын түсіндіру.

6 – тақырып. Әр түрлі практикалық жағдайларда нормаларды заңнамалық шоғырландырудың ерекшеліктерін талдау. Мемлекеттік реттеу және басқару әдістемелерін жіктеу. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу қызметінің ерекшелігін талдау және анықтау, сондай-ақ елдің жер қойнауын пайдалану институтын дамыту тиімділігін қамтамасыз ету.

7 – тақырып. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық режимінің талаптарын басқа салықтардан айырмашылықтарын ашып көрсету. жер қойнауын пайдалану институты жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу және мемлекеттік басқару

әдістерін салыстыру, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік басқару құралдарын қолдану.

8 – тақырып. Мемлекеттік реттеу мен басқарудың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және осы әдістерді қолдану негіздерін анықтау. Жер қойнауын пайдалану қызметінің әртүрлі салаларында заңдылықты сақтау және қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасау. Жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлеу.

9 – тақырып. Жер қойнауын пайдалану саласында халықаралық құқықтық міндеттемелерін орындау мәселелеріне талдау жасау. Заңдылықтың бұзылу себептерін түсіндіру және оларды жою.

10 – тақырып. Жер қойнауын пайдалану қызметінің әртүрлі салаларында заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша жоспарлар жасау. Қазақстанның жер қойнауын пайдалану саласындағы жұмысты жетілдіру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстарды тұжырымдау үшін ҚР заңнамасын талдау және оның халықаралық міндеттемелер мен ұлттық мүдделерге сәйкестігі негізінде жұмыстың әртүрлі салаларындағы құқықтық реттеу практикасына баға беру.

11 – тақырып. Жер қойнауын пайдалану саласындағы келісім шарттар түрлерін жеке дара ашып көрсету, айырмашылықтарын жіктеу. Қазақстанның ұлттық мүдделерін ескере отырып, халықаралық міндеттемелерді орындау қажеттілігін негіздеу.

12 – тақырып. Жер қойнауын пайдалану секторының жұмыс істеуінің тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы шет елдердің тәжірибесін бағалау.

13- тақырып. ҚР жер қойнауын пайдалану секторының жұмыс істеуінің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруда шет елдердің оң тәжірибесін қолдану мүмкіндігіне баға беру. Жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компанияның рөлі мен орнын, бүгінгі жетістіктерін теориялық тұрғыдан талқылау. Тау кен қатынастары туралы конституциялық нормаларды түсіндіру; Тау кен заңнамасының қағидаларын айқындау; ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңының құрылымын ашып көрсету; Тау кен қатынасы саласындағы басқа да заңдар айырмашылықтарын көрсету.

14 – тақырып. Тау кен құқық қатынастарына түсініктеме беру. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық негіздерін түсіндіру. Жер қойнауын пайдалануға ілеспе қызметтерді-жерді пайдалану, суды пайдалану, табиғатты арнайы пайдаланудың басқа түрлері, ілеспе өнімдер өндіруді-құқықтық реттеу мәселелерін талдау. Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық қызметті құқықтық реттеу мәселелеріне түсініктеме беру. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық негіздерін түсіндіру. Қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік, азаматтық құқықтық жауапкершілік, тәртіптік жауапкершілік әрқайсысына жеке дара тоқталып түсініктерін ашып көрсету.

15 – тақырып. ТМД және ЕурАзЭҚ елдерінде жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу және шетел заңнамаларымен салыстыра отырып талдау. Алыс шетелдердегі жер қойнауын пайдалануды құқықпен қамтамасыз ету мәселелерін тәжірибелік тұрғыда зерттер, талдау жасау. Жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамаларды жетілдіру мәселелерін айқындау, проблемалары мен болашағын талдау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ЗРК Кодексі. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212>.

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодексі. // «Әділет» АЖО веб-сайтында электрондық ресурс ретінде қол жетімді: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212>.

3. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі // Электронды ресурс ретінде «Әділет» АЖО веб-сайтында: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442>.

4. Природоохранное законодательство РК: Учебно-методическое пособие. А.И. Алдабергенова. - Костанай, 2017. - 178 с.

5. Нажмитдин Мухитдинов Избранные труды в 10 томах – Изд. 2-ое, доп. Алматы: ТОО «Нурай Принт Сервис», 2015.
6. Нефть и газ независимого Казахстана. Путь преобразований и перемен Астана, 2017. – 212 с.
7. Нефть и газ независимого Казахстана. События. Факты. Люди Астана, 2017. – 352 с.
8. Олейникова А. Я., Степенко В. Е. Горное право России: учебное пособие. - Хабаровск: Изд-во ТОГУ, 2016.
9. Певзнер М.Е. Горное право 5-е издание 2016, С – 384.
10. А.А. Есекеева, Ә.К. Бердібаева: Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу. Әдістемелік құрал. Алматы. – Қазақ университеті, 2015. – 122 б.
11. А.Ә. Есекеева, Қазақстан Республикасының жер құқығы сұрақтар мен жауаптар. Оқу әдістемелік құрал. Алматы. – Қазақ университеті, 2015. – 148 б.

Интернет-ресурстар: Оқу материалы-дәріс тезистері Жер қойнауын пайдалану құқығы, сондай-ақ үй тапсырмаларын, жобаларды, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік материал сіздің сайтыңыздағы бетте қол жетімді www.univer.kaznu.kz. ПОӘК бөлімінде.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. **Жер қойнауын пайдалану құқығы** пәні бойынша қорытынды бақылау (емтихан) 3-курс күндізгі бөлім студенттері үшін, univer.kaznu.kz жүйесінде тест түрінде өтеді. Барлық нұсқаулар univer.kaznu.kz басты бетіне жүктелген. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса). Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» – емтихан барысын бақылау).

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:

4. Балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

5. Тесттің түрі - көптік таңдау, 1,2,3 дұрыс жауаппен.

6. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тесттің өту уақыты- 90 минут.

7. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады.

8. Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді.

9. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

10. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

11. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді универ жүйесінен сілтемелер арқылы қарай алады.

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: $\frac{AB1+AB2}{2} \cdot 0,6 + QB \cdot 0,4$. Мұнда АБ – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).
Бағалау шкаласы силлабуста беріледі:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	